

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» КМҚК
СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫ «С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ГИМНАЗИЯ» КММ

КЕЛІСІЛДІ

«Ұлытау облысының
әдістемелік орталығы»

КМҚК директоры

_____ Ермаганбетова Ү.Т.

« ____ » _____ 20 ____ ж.

БЕКІТЕМІН

Сәтбаев қаласы

«С.Сейфуллин атындағы

гимназиясы» КММ директоры

_____ Джакипова Г.А.

« ____ » _____ 20 ____ ж.

«4Т (ТӘСІЛ-ТӘЛІМ-ТӘЖІРІБЕ-ТАБЫС)»

инновациялық жобасы

Жоба авторлары:

Джакипова Гульсана Амантаевна, директор;

Оразалина Фарида Тураровна, директордың бейіндік

оқыту жөніндегі орынбасары

Сәтбаев қаласы, 2024 жыл

«С.Сейфуллин атындағы гимназия» КММ-нің Әдістемелік кеңесімен ұсынылады. Хаттама № _____ « _____ » _____ 20 ____ ж.

«Сәтбаев қаласы білім бөлімі» ММ-нің Сараптамалық кеңесімен ұсынылады
Хаттама № _____ « _____ » _____ 20 ____ ж.

Облыстық Сараптамалық Кеңеспен ұсынылады
Хаттама № _____ « _____ » _____ 20 ____ ж.

Рецензент:

1. Джандильдинов Медет Курмангазиевич - "Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты" КММ ағылшын тілі мұғалімі, педагог-зерттеуші, педагогика және психология бойынша философия докторы (PhD);
2. Жолдыбаева Думан Спатаевна, «Сәтбаев қаласының білім бөлімі» ММ әдістемелік кабинетінің меңгерушісі, педагог-зерттеуші.

Құрастырушылар: Сәтбаев қаласы «С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ-нің директоры Джакипова Гүльсана Амантаевна, директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары Оразалина Фарида Тураровна, 2024 жыл, 16 бет

Андатпа

«4Т (тәсіл-тәлім-тәжірибе-табыс)» инновациялық жобасы арқылы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруда мектепішілік өзара оқытудың, тәжірибе алмасудың, педагогикалық мәселелерді бірлесіп шешіп, білім беру технологияларын меңгерудің сатылы жүйесі жүргізіледі. 6 кезеңнен тұратын жұмыс әр сатыдағы айналымда алгоритм болып табылады, мұғалімдер 4Т картасын жасап, әдіс-тәсілдерді қолдануының нәтижесін талдап, тәжірибелерін жинақтап, жарияланымға ұсынады.

1.Инновациялық жобаның паспорты

Жобаның тақырыбы	«4Т (тәсіл-тәлім-тәжірибе-табыс)» инновациялық жобасы
Жобаны әзірлеуге негіздеме	1. «Білім туралы» ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы; 2. «Баршаға қолжетімді сапалы білім» ұлттық баяндамасы, 27 қыркүйек 2023 жыл; 3. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы; 4. «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы
Жобаның авторлары	Джакипова Гульсана Амантаевна, директор; Оразалина Фарида Тураровна, директордың бейінді оқыту жөніндегі орынбасары
Жобаның мақсаты мен міндеттері	Жобаның мақсаты: өзара білім беру әдіс-тәсілдерін меңгерудің жүйесін құру, мұғалімдердің тәжірибе алмасуын ұйымдастыру арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту Міндеттер: 1) мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттыруда өзіндік білім алу, өзара білім алу, ұжыммен білім алу жұмыстарын дамыту; 2) мұғалімдердің белсенді, тиімді технологияларды үйренуін және қолдануын ұйымдастыру; 3) мұғалімнің өз жұмысының нәтижелігін зерттеуді үйрету, түрлі деңгейдегі іс-шараларда тәжірибесімен бөлісуін жүргізу; 4) сабақта және сабақтан тыс әрбір оқушының белсенділігін, оқуға қызығушылығын дамыту, білім сапасын арттыру;

	5) Шыққан нәтижені талдау және жинақтау.
Жобаны іске асырудың мерзімдері мен кезеңдері	1-кезең. 2023 жыл қаңтар – диагностикалық-болжамдық (1 ай) 2-кезең. 2023 жыл ақпан, 2026 жыл сәуір -ұйымдастырушылық-практикалық (2 жыл 2 ай) 3-кезең. 2026 жыл сәуір-мамыр – талдамалы-жалпылауыш (2 ай)

2. Ағымдағы жағдайды талдау

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдасында «Педагогтің үздіксіз кәсіби даму парадигмасын одан әрі ілгерілету өзекті міндет болып табылады» деп жазылған [1]. Осы орайда мұғалімнен өзін-өзі жетілдіру, ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті меңгеру, психологиялық тұрғыдан білімін шыңдау талап етіледі. Педагогтердің үздіксіз білім алуын ұйымдастыру, олардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесі мектеп әкімшілігінің басты міндеттеріне айналуы тиіс. "Баршаға қолжетімді сапалы білім" Ұлттық баяндамасында «Заманауи мектептегі мұғалім – уақытты ұтымды пайдалана алатын, міндеттерді нақты анықтай білетін, кез келген мәселені шешудің оңтайлы жолдарын тез табатын, қоғамға қызмет ететін және осыған толық жауапкершілікпен қарайтын көшбасшы. Педагог – ең алдымен, бүкіл оқу процесінің мотиваторы, ол оқушыларға жаңа ақпаратты іздеуде бағыт-бағдар берумен қоса, оны қабылдау, өңдеу және игеру дағдыларын қалыптастыра білуі қажет. Қазақстандағы педагогикалық жоғары оқу орындардың жаңартылған білім беру бағдарламалары мектеп мұғалімдерінің осындай кәсіби қасиеттерін қалыптастыруға негізделуге тиіс» [2] делінген болатын, осы орайда Үкіметіміз педагогтерге көп міндет жүктейді, еліміздің болашағы – жас ұрпақты сеніп тапсырады. Осы баяндамада білім беру ұйымдары басшыларының міндеттері де көрсетілген: «Директор өзгерістер көшбасшысы ретінде ұжымды біріктіреді және мектептің дамуына тікелей жауап береді» [2]. Мектеп басшылары басқарудың тиімді жолдарын ұстана отырып, білім беру үрдісінің қозғалысына көп әсер ете алады. Басшының көрегендігі, көшбасшылық қасиеті, басымдықтарды ажырата білуі игі істерге бастауға септігін тигізері сөзсіз.

Білім беру үрдісінің локомотиві директор болса, оны жалғаушы әкімшілік және педагогтер, сондықтан басшы қалай жүрсе, соңы да солай жүреді. Басшы жаңашыл, идеяшыл, ізденімпаз болса, оның ұжымы да соны үлгі тұтары белгілі. Басшының тиімді жұмысының тағы бір тұсы – оның аналитикалық талдай білуі, ағымдағы жағдайды бағалай білуі. Осы орайда құжаттарды зерделеу, білім беру үрдісінің субъектілерінің арасында

сауалнамалар жүргізу, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді шолу барысында төмендегі мәселелер анықталды. Олар:

- 1) білім алушылардың оқуға қызығушылығының жылдан жылға төмендеуі, Z және альфа ұрпақтарының ерекшеліктері;
- 2) кейбір мұғалімдердің дәстүрлі сабақ беруден арылмауы немесе мұғалім жұмысындағы бірсарындылық;
- 3) ақпараттың көптігі білім алушыларды жалықтырады, қызығушылығын төмендетеді;
- 4) мектепте отырған балалардың ақпараттық-коммуникациялық құзыреттіліктері жылдам дамиды және ол осы жағынан мұғалімді озып кетуі мүмкін;
- 5) жас өспірімдер ағылшын тілін де жақсы біледі, сондықтан мұғалімге де тілді білу, үйрену қажет.

Мұғалім үнемі үздіксіз білім алып, жас жеткіншектердің тыныс-тіршілігінен қалыс қалмауы керек.

С.Сейфуллин атындағы гимназияда мұғалімдер арасында өткен сауалнама нәтижесінде және әкімшілік мүшелерінің сабақтарға қатысуды талдаудан төмендегідей проблемалар туындады:

- а) мұғалімдердің күнделікті жұмыстарының ауқымының күннен күнге артуы;
- ә) мұғалімдердің көп бөлігінің дәстүрлі сабақ беру, жұмыс істеу қалпынан ажырамауы;
- б) кейбір мұғалімдердің сабақтарындағы бірсарындылық;
- в) мұғалімдердің өз жұмысына кері байланыс жасаудағы біліктерінің төмендігі;
- г) мұғалімдер арасындағы өзара тәжірибемен алмасу, бірігіп жұмыс істеу жұмыстарының аздығы.

Осы проблемалар білім алушылардың бойында оқуға қызығушылықтың төмендеуін, мұғалімнің кәсіби дамуының тежелуін, өзіндік білім алуының, ізденуінің әлсіреуіне білдіреді. 1-кестеде мұғалімдердің жұмысының үш жылғы рейтинг қорытындысына назар салып көрдік.

Үш жылғы мониторингтің қорытындысы

1-кесте.

№	2020-2021	2021-2022	2022-2023
1 орын	Бұқар А.О.	Ульянова В.А.	Бұқар А.О.
2 орын	Абишева Н.И.	Каримбаева А.Б.	Каримбаева А.Б.
3 орын	Каримбаева А.Б.	Барманбекова А.Т.	Гилемханова З.З.
4 орын	Панина В.В.	Гилемханова З.З.	Ульянова В.А.
5 орын	Усейнова Ф.Г.	Бұқар А.О.	Бикмуллина Г.Р.
6 орын	Мейрманова А.Т.	Бикмуллина Г.Р.	Барманбекова А.Т.
7 орын	Наурызбаева С.Х.	Усейнова Ф.Г.	Усейнова Ф.Г.
8 орын	Гилемханова З.З.	Абишева Н.И.	Абишева Н.И.

Жоғарыдағы кестеден байқағанымыз, 2020-2023 жылдар аралығында рейтинг көрсеткішін белгілі бір мұғалімдердің ұстап тұрғаны белгілі болды, бұл дегеніміз басқа мұғалімдердің белсенділігінің төмендігін білдіреді. Осы мәселе де бізді толғандырды. Сонымен қатар осы мәселе оқушылар арасында көрінеді. Мұғалімдер аттестаттаудан өту үшін белгілі бір балалармен жарыстарға, сайыстарға қатысып, портфолиосын түгендейді, ал көпшілік оқушы назардан тыс қалады, олардың дамуына, жетістікке жетуіне аса назар аударылмайды.

Осы сұрақтарға жауап іздедік, әдебиеттерді аудардық, тәжірибелерді зерделедік. Соның ішінде 2011 жылғы Джон Хаттидің жетекшілігімен жүргізілген "Visible Learning" мета-талдауының нәтижесіне баса назар аудардық.

Джон Хаттидің "Visible Learning" зерттеулері табысты мұғалімнің білім беру процесіндегі рөлінің маңыздылығын, оқушылардың дамуына айтарлықтай әсер ететінін анықтап, келесі факторларды бөліп көрсетеді:

1. «Кері байланыс» - сындарлы кері байланыс беретін мұғалімдер оқушылардың үлгерімін арттырады.
2. «Үміт ету» — оқушылардың жоғары нәтижеге жетуіне үміттену олардың табысқа жетуіне ықпал етеді.
3. «Оқыту стратегиялары» - табысты мұғалімдер оқушылардың қажеттіліктеріне бейімдеу арқылы түрлі әдістерді қолданады [3].

Осы мета талдауды зерделей келе, біз, гимназия ұжымы мұғалімдердің біліктілігін арттырудың тиімді жолдарын іздедік.

Білім алушылардың мотивациясын арттыру үшін мұғалім қажетті әдістердің бар мүмкіндігін, оқу қызметін ұйымдастыру мен жүзеге асыруды қолдануы қажет. Ол үшін мұғалім оқытудың инновациялық және озық әдістерін меңгеруі керек. Бұл әсіресе жас мұғалімдерге ауадай қажет. Осы жоғарыда аталған мәселелерді ескеріп, біз гимназияда мұғалімнің шеберлігін арттыру, мұғалімді интерактивті әдістер мен тәсілдерге үйретуде «4Т» (тәсіл-тәлім-тәжірибе-табыс) жобасын 2023 жылы қаңтарда практикаға енгіздік.

2. Жобаның мақсаты мен міндеттері

Жобаның мақсаты: өзара білім беру әдіс-тәсілдерін меңгерудің жүйесін құру, мұғалімдердің тәжірибе алмасуын ұйымдастыру арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту

Міндеттер:

- 6) мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттыруда өзіндік білім алу, өзара білім алу, ұжыммен білім алу жұмыстарын дамыту;
- 7) мұғалімдердің белсенді, тиімді технологияларды үйренуін және қолдануын ұйымдастыру;

- 8) мұғалімнің өз жұмысының нәтижелігін зерттеуді үйрету, түрлі деңгейдегі іс-шараларда тәжірибесімен бөлісуін жүргізу.
- 9) сабақта және сабақтан тыс әрбір оқушының белсенділігін, оқуға қызығушылығын дамыту, білім сапасын арттыру;
- 10) Шыққан нәтижені талдау және жинақтау.

3. Жобаны жүзеге асыру механизмдері

«4Т» (тәсіл-тәлім-тәжірибе-табыс) жобасының кезеңдері:

- 1 кезең: мұғалімдердің озық және тиімді технологияларды, әдістерді қолдануын анықтау (қандай мұғалім қандай тәсілді жақсы біледі және қолданады). Ол сауалнама арқылы немесе әкімшіліктің сабаққа қатысу кезінде анықталады;
- 2 кезең: озық және тиімді технологиялардың, әдістердің деректер банкіні құру <https://qr.page/g/2tGFVNTOpoV>;
- 3 кезең: мұғалімдердің қажеттіліктерін зерттеу, инновацияны үйрену үшін жұп немесе шағын топ құру немесе мұғалім өзі бастамашылдық жасап, технологияны жақсы білетін мұғалімнен үйренуге ұсыныс білдіреді;
- 4 кезең: әдістерді үйренеді, зерттейді, саралайды, қолданады, пысықтайды;
- 5 кезең: меңгерген мұғалім басқа мұғалімдердің одан әрі дамуына ықпал етеді.

Мұғалім өзіне 4Т картасын жасайды. Төмендегі 2-кестеде бірнеше мұғалімнің 1 сатыдағы картасының үлгілері берілген.

2-кесте.

Мұғалімнің аты-жөні	Тәсілдің аты	Тәлімді кімнен алды	Тәжірибені жүргізу	Табыс (жетістіктері, білім сапасы)	Тәсілді әрі қарай кімге үйретті
Алькенова А.А.	Жұмыс парақтарын қолдану арқылы қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру	Киселева Е.А.	23.01.2023 - Кеңес алу 30.01.2023 - Жұмыс парақтарын жасау 01.02.2023 – қолдану	Кафедра отырысында өз тәжірибем-мен бөлістім	Абишева Айнаш Темирхановна
	Гугл формамен тест құрастыру	Сутемгенова С.И.	02.03.2023 – кеңес алу 09.03.2023 – тестерді әзірлеу және қолдану	Тестер жинақталды, оқушыларды бағалау жеңілдетілді	

Исанкулова Г.Г.	Сингапур әдістері	Ульянова В.А.	13.11.2023 – кеңес алу 25.11.2023 – ашық сабақта қолдану	«Сабақты зерттеу» бойынша форумда таныстырдым	Базылбек С.Т.
Абишева А.Т.	Жылдам оқу тәсілдері арқылы оқу сауаттылығын дамыту	Қазақстандық мұғалімдер тәжірибесінен	Ғаламтор, онлайн сабақтар, курстар	Жылдам оқуда қолданылатын әдіс-тәсілдер жинағы	Наурызбаева С.Х. Ажибаева Г.П. Алькенова А.А.
Базылбек С.Т.	Оқушының сөйлеу дағдысын қалыптастыру әдістері	Бұқар А.О.	22.09.2023ж – кеңес алу 06.10.2023ж . - қолдану	Конференция-ға қатысу	

Жүргізілген сұраудың нәтижесінде мұғалімдердің көп қолданатын әдіс-тәсілдерінің динамикасы 3-кестеде көрсетілді.

3-кесте.

Мұғалімдердің қолданатын әдіс-тәсілдері	Алғашқы сұру нәтижесі	Соңғы сұрау нәтижесі
медиа сервистерді қолдану	38,00%	48,10%
Google Classroom мүмкіндіктері	34,60%	38,00%
Оқу жұмыс парақтары	23,80%	30,20%
дизайн-ойлау	19%	27,50%
жылдам оқу әдістері	17,40%	17,40%
геймификация	15,80%	23,80%
төңкерілген класс	15,80%	34,60%
дебат технологиясы	14,20%	14,20%
жобалау технологиясы	14,20%	38,00%
Мәтінмен жұмыс істеу	12,60%	30,20%

Педагогтер түрлі оқыту онлайн-сервистерін (Nearpod, LearningApps, Wordwall, **ThingLink**, **Simpleshow**, Padlet және басқалар) үйреніп, сол арқылы білім алушыларға қалыптастырушы тапсырмаларды дайындайды. Осы жобаны жүзеге асыру бірнеше айналымдардан тұрады.

1 айналымды біз 2023 жылдың қаңтарынан бастап 2023 жылдың тамызына дейін жүргіздік. Бұл айналып біз үшін кіріспе түрінде өтті, жоғарыда көрсетілген кезеңдер әр айналымдарда алгоритм ретінде қолданылады. 2 айналым 2023-2024 оқу жылында мұғалімдер Сингапур оқыту әдістемесін және Үшөлшемді әдістемелік жүйе технологиясы бойынша өзара әдіс-тәсілдермен алмасуды жүргізді. 3 айналым 2024 жылдың тамызынан

басталып, мұнда мұғалімдер Жасанды интеллект бойынша сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдерді меңгерді. Сонымен қатар білім алушылардың белсенділігін арттырудың тәсілдерін үйренуді қолға алды, яғни әдіс-тәсілдер сабақта барлық баланың сабаққа қатысуын қамтуы қажет. Мұндай әдістер Сингапур оқыту әдістемесі мен Үшөлшемді әдістемелік жүйе технологиясында, Сыни тұрғысынан оқыту технологиясында бар. Осындай тәсілдерді пайдалану міндеті алдымызда тұр.

Мұғалімдердің әдіс-тәсілдерді игеруін бекітетін, шындайды қосымша іс-шараларды өткізу болып табылады. Олар:

1. Республикалық, халықаралық деңгейдегі оқыту технологияларын (Сингапур оқыту әдісі, Үшөлшемді әдістемелік жүйе технологиясы), белсенді әдіс-тәсілдерді меңгеруде семинарлар өткізу;
2. Дәстүрлі іс-шаралар: «Әдістемелік Gift», «Жас мамандар сайысы», «Жұлдызды сәт – 2024, 2025»; «Пәндер онкүндігі» және т.б.
3. «С.Сейфуллин атындағы гимназия» КММ-нің педагог қызметкерлерінің және оған теңестірілген тұлғалардың кәсіби еңбегін бағалау өлшеуіштері арқылы ынталандыру туралы ереже;
4. Білім алушылардың жетістікке жету электронды мониторингі.

Жобаны енгізуде мүмкін болатын қауіпті де ескердік:

- жүктеменің күннен-күнге көбеюі;
- кейбір мұғалімдердің өзгеруге, дамуға құлшынысының төмендігі;
- кейбір мұғалімдердің жаңа әдіс-тәсілдермен шамадан тыс әуестенуіне байланысты, білім мазмұнына, білім сапасына көңіл бөлмеуі.

Қауіпті елемеске болмайды, мұғалімдердің кері байланысын, пікірлерін назарға алып, оларды азайтуды ойластырамыз.

4.Күтілетін нәтижелер

1. Мұғалімдердің қолданатын оқыту технологияларының, әдістері мен тәсілдерінің саны артады;
2. Олар сабақ берудегі қобалжу сезімдерінен, сенімсіздіктерінен арылады;
3. Білім алушылардың оқуға қызығушылығы артады.
4. Білім сапасы көтеріледі.
5. Мұғалімдер сабақты зерттеу, іс-әрекетті зерттеу жұмыстарының тәжірибесін конференцияларда, семинарларда, форумдарда тарату белсенділігі артады.
6. Мұғалімдердің қолданып жүрген әдіс-тәсілдері баяндалған және ашық сабақтар жоспарлары қамтылған жинақ шығарылады.

5.Жобаның мазмұны және мерзімдері

№	Іс-шара	Уақыты	Күтілетін нәтиже	Нормативтік құжаттар (бар)
---	---------	--------	------------------	----------------------------

				болған жағдайда)
1-міндет. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттыруда өзіндік білім алу, өзара білім алу, ұжыммен білім алу жұмыстарын дамыту.				
1.	Мұғалімдердің өзіндік білім алуын ұйымдастыру	Жыл бойына	Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерінің дамуы	Өзіндік білім алу жоспары, іс-әрекетті зерттеу тақырыптары
2.	Сингапур оқыту әдістемесі бойынша семинар және ашық сабақтар ұйымдастыру	Жыл бойына	Мұғалім үйренген әдіс-тәсілдердің артуы	Сабақтардың әзірлемесі
3.	Үшөлшемді әдістемелік жүйе технологиясы бойынша семинар және ашық сабақтар ұйымдастыру	Жыл бойына	Мұғалім үйренген әдіс-тәсілдердің артуы	Сабақтардың әзірлемесі
4.	«Жасанды интеллектің мүмкіндіктері» семинар	Тамыз 2024 ж.	Мұғалімдердің цифрлық құзыреттіліктерінің дамуы	
5.	«Оқуға құштар гимназия» жобасы аясында бірге кітап оқуды және талдауды ұйымдастыру	Тоқсанына бір рет	Мұғалімдерді кітап оқуға тарту	Оқылған кітаптар
	Жас мамандар мектебінің жұмысы (жеке жоспар бойынша)	Жыл бойына	Жас мамандардың кәсіби дамуы	

2-міндет. Мұғалімдердің белсенді, тиімді технологияларды үйренуін және қолдануын ұйымдастыру				
1.	Мұғалімдердің 4Т картасын толтыруы	Тоқсан сайын	Мұғалім үйренген әдіс-тәсілдердің артуы	4Т картасы
2.	«Ең тиімді оқыту тәсілі» байқауы	Ақпан, 2025 ж.	Мұғалімнің қолданатын әдіс-тәсілдерінің көбейту	
3.	Мектеп сайтында «Әдістемелік қоржын» бөлігін ашу	Қараша, 2024 ж.	Сайтта жариялау	Әдістемелік қоржын
3-міндет. Мұғалімнің өз жұмысының нәтижелігін зерттеуді үйрету, түрлі деңгейдегі іс-шараларда тәжірибесімен бөлісуін жүргізу.				
1.	«Мұғалімнің психологиялық құзыреттілігін дамыту» семинар	Қараша, 2024 ж.	Қарым-қатынасты, ынтымақтастығын дамыту	
2.	Жетекші мектеп пен серіктес мектептің бірлескен жұмыстары	Тоқсан сайын	ЖМ мен серіктес мектептің ынтымақтастығын дамыту	
3.	«Рефлексивті мұғалім» атты оқыту семинары	Қаңтар, 2025 жыл	Мұғалімді өз жұмысының нәтижелігін зерттеуге үйрету	
4.	Сабақты зерттеу топтарының жұмысы	Жыл бойына	Білім сапасының артуы	Сабақ әзірлемелері, АВС оқушыларының іс-әрекеттерін талдау
5.	Қалалық, облыстық деңгейдегі семинарларда,	Конференция ережелерінің түсуіне сәйкес	Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерінің дамуы	Конференция жинақтары

	конференцияда 4Т жобасы бойынша тәжірибемен бөлісу			
4-міндет. Сабақта және сабақтан тыс әрбір оқушының белсенділігін, оқуға қызығушылығын дамыту, білім сапасын арттыру.				
1.	Білім алушылардың жетістікке жету мониторингін жүргізу	Жыл бойына	Жыл оқушысын анықтау	
2.	4Т жобасы арқылы білім алушылардың белсенділігін арттырудың тәсілдерін үйрену	Желтоқсан - ақпан	Тиімді әдістерді қолдану	
5-міндет. Шыққан нәтижені талдау және жинақтау				
1.	Мұғалімдердің кәсіби деңгейін диагностикалау			
2.	Мұғалімдердің әдіс-тәсілдерді жинақтауы	наурыз	Қорытынды жинақ	Қорытынды жинақ
3.	4Т жобасы бойынша ұсынымдар әзірлеу	сәуір	Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің дамуы	Ұсынымдар
4.	4Т жобасы бойынша қорытынды Хакатон өткізу	мамыр	Мұғалімдердің құзыреттілігінің нәтижесін көру	Ұсынымдар

6. 2023-2024 оқу жылының жоспары

№	Іс-шара	Уақыты	Жауаптылар	Қорытынды нысан
1-міндет. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттыруда өзіндік білім алу, өзара білім алу, ұжыммен білім алу жұмыстарын дамыту.				
1.	Мұғалімдердің өзіндік білім алуын ұйымдастыру	Жыл бойына	Оразалина Ф.Т.	Өзіндік білім алу жоспары, іс-әрекетті зерттеу тақырыптары
2.	Сингапур оқыту әдістемесі бойынша семинар және ашық сабақтар ұйымдастыру	Жыл бойына	Ульянова В.А.	Сабақтардың әзірлемесі
3.	Үшөлшемді әдістемелік жүйе технологиясы бойынша семинар және ашық сабақтар ұйымдастыру	Жыл бойына	Казиева А.Т.	Сабақтардың әзірлемесі
4.	«Оқуға құштар гимназия» жобасы аясында бірге кітап оқуды және талдауды ұйымдастыру	Тоқсанына бір рет	Тіл циклы пәндері мұғалімдері	Кездесулер әзірлемелері
5	Жас мамандар мектебінің жұмысы (жеке жоспар бойынша)	Жыл бойына	Айбекова З.Т.	Жас мамандар портфолиосы
2-міндет. Мұғалімдердің белсенді, тиімді технологияларды үйренуін және қолдануын ұйымдастыру				
1.	Мұғалімдердің 4Т картасын толтыруы	Тоқсан сайын	Кафедра меңгерушілері	4Т картасы

2.	«Педагогикалық инновациялар» ғылыми-практикалық семинар	Қараша, 2023 ж.	Нурсұлтан А.Б. Қанатқызы А.	Әзірleme
3-міндет. Мұғалімнің өз жұмысының нәтижелігін зерттеуді үйрету, түрлі деңгейдегі іс-шараларда тәжірибесімен бөлісуін жүргізу.				
1.	Жетекші мектеп пен серіктес мектептің бірлескен жұмыстары	Тоқсан сайын	ЖМ және СМ үйлестірушілері	
2.	Сабақты зерттеу топтарының жұмысы	Жыл бойына	Топ жетекшілері	Сабақ әзірлемелері, АВС оқушыларының іс-әрекеттерін талдау
3.	Қалалық, облыстық деңгейдегі семинарларда, конференцияда 4Т жобасы бойынша тәжірибемен бөлісу	Конференция ережелерінің түсуіне сәйкес	Оразалина Ф.Т., кафедра меңгерушілері	Конференция жинақтары
4-міндет. Сабақта және сабақтан тыс әрбір оқушының белсенділігін, оқуға қызығушылығын дамыту, білім сапасын арттыру.				
1.	Білім алушылардың жетістікке жету мониторингін жүргізу	Жыл бойына	Сеилова А.А.	
2.	4Т жобасы арқылы білім алушылардың белсенділігін арттырудың тәсілдерін үйрену	Желтоқсан - ақпан	Кафедра меңгерушілері	

5-міндет. Шыққан нәтижені талдау және жинақтау				
1.	Мұғалімдердің әдіс-тәсілдерді жинақтауы	наурыз	Кафедра меңгерушілері	4Т картасы
2.	4Т жобасы бойынша ұсынымдар әзірлеу	сәуір	Кафедра меңгерушілері	Ұсынымдар

2024-2025 оқу жылының жоспары

№	Іс-шара	Уақыты	Жауаптылар	Нормативтік құжаттар (бар болған жағдайда)
1-міндет. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттыруда өзіндік білім алу, өзара білім алу, ұжыммен білім алу жұмыстарын дамыту.				
1.	Мұғалімдердің өзіндік білім алуын ұйымдастыру	Жыл бойына	Кафедра меңгерушілері, Оразалина Ф.Т.	Өзіндік білім алу жоспары, іс-әрекетті зерттеу тақырыптары
2.	Сингапур оқыту әдістемесі бойынша семинар және ашық сабақтар ұйымдастыру	Жыл бойына	Ульянова В.А.	Сабақтардың әзірлемесі
3.	Үшөлшемді әдістемелік жүйе технологиясы бойынша семинар және ашық сабақтар ұйымдастыру	Жыл бойына	Оразалина Ф.Т.	Сабақтардың әзірлемесі

4.	«Жасанды интеллектің мүмкіндіктері» семинар	Тамыз 2024 ж.	Искаков Ғ.Б., Оразалина Ф.Т.	
5.	«Оқуға құштар гимназия» жобасы аясында бірге кітап оқуды және талдауды ұйымдастыру	Тоқсанына бір рет	Тіл пәні мұғалімдері	Оқылған кітаптар
6.	Жас мамандар мектебінің жұмысы (жеке жоспар бойынша)	Жыл бойына	Абишева А.Т.	Жас мамандар портфолиосы
2-міндет. Мұғалімдердің белсенді, тиімді технологияларды үйренуін және қолдануын ұйымдастыру				
1.	Мұғалімдердің 4Т картасын толтыруы	Тоқсан сайын	Кафедра меңгерушілері	4Т картасы
2.	«Ең тиімді оқыту тәсілі» байқауы	Ақпан, 2025 ж.	Айбекова Т.Т., Утетилеуова Б.Ж.	Әлеуметтік желіге жариялау
3.	Мектеп сайтында «Әдістемелік қоржын» бөлігін ашу	Қараша, 2024 ж.	Оразалина Ф.Т., Искаков Ғ.Б.	Әдістемелік қоржын
3-міндет. Мұғалімнің өз жұмысының нәтижелігін зерттеуді үйрету, түрлі деңгейдегі іс-шараларда тәжірибесімен бөлісуін жүргізу.				
1.	«Мұғалімнің психологиялық құзыреттілігін дамыту» семинар	Қараша, 2024 ж.	Оразбекова П.М.	Әзірleme
2.	Жетекші мектеп пен серіктес мектептің бірлескен жұмыстары	Тоқсан сайын	ЖМ мен серіктес мектептің үйлестірушілері	

3.	«Рефлексивті мұғалім» атты оқыту семинары	Қаңтар, 2025 жыл	Панькова Е.О., Абишева Айнаш т.	
4.	Сабақты зерттеу топтарының жұмысы	Жыл бойына	Топ жетекшілері	Сабақ әзірлемелері, АВС оқушыларының іс-әрекеттерін талдау
5.	Қалалық, облыстық деңгейдегі семинарларда, конференцияда 4Т жобасы бойынша тәжірибемен бөлісу	Конференция ережелерінің түсуіне сәйкес	Кафедра меңгерушілері	Конференция жинақтары

4-міндет. Сабақта және сабақтан тыс әрбір оқушының белсенділігін, оқуға қызығушылығын дамыту, білім сапасын арттыру.

1.	Білім алушылардың жетістікке жету мониторингін жүргізу	Жыл бойына	Сеилова А.А.	Жыл оқушысын анықтау
2.	4Т жобасы арқылы білім алушылардың белсенділігін арттырудың тәсілдерін үйрену	Желтоқсан - ақпан	Кафедра меңгерушілері	4Т картасы

5-міндет. Шыққан нәтижені талдау және жинақтау

1.	Мұғалімдердің кәсіби деңгейін диагностикалау	Ақпан, 2025 жыл	Әкімшілік	
2.	Мұғалімдердің әдіс-тәсілдерді жинақтауы	Наурыз, 2025 ж.	Оразалина Ф.Т.	Қорытынды жинақ

3.	4Т жобасы бойынша ұсынымдар әзірлеу	сәуір	Оразалина Ф.Т.	Ұсынымдар
4.	4Т жобасы бойынша қорытынды Хакатон өткізу	мамыр	Джакипова Г.А., әкімшілік	Ұсынымдар

Күтілетін нәтижелердің критерийлерін бағалау

1. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуының динамикасы;
2. Қолданылған әдіс-тәсілдердің сандық және сапалық көрсеткіші;
3. Педагогикалық ұжымда қолайлы климаттың қалыптасуы;
4. Білім сапасының динамикасы.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы
2. "Баршаға қолжетімді сапалы білім» Ұлттық баяндамасы 27 қыркүйек 2023 жыл
3. Видимое обучение для учителей. Как повысить эффективность педагогической работы | Хэтти Джон А. С. ; Год выпуска: 2021
4. <http://volosovo.education/files/public/doc/mraivyp5.pdf> 21.10.2024 ж. алынды
5. https://do.tgl.ru/files/portfolios/29_09_2021.pdf 21.10.2024 ж. алынды